

АНЫҚТАМАСЫ

Бақылау түрі: өзін-өзі бағалау.

Өзін-өзі бағалау жүргізуге негіз: "Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 2 ақпандағы № 124 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 26 шілдедегі № 366 бұйрығы, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының 2021 жылғы 10 қыркүйектегі № 700 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдар»

Өзін-өзі бағалау комиссиясының құрамы:

Ешмуханбетов Сабит Сайфуллаевич	Мектеп директоры, комиссия төрағасы
Турымбетова Жапырақ Урынғалиевна	Мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі
Науанова Жания Жақауовна	Мектеп директорының әдістемелік жұмыстар жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі
Чуйншкалиева Женисгул Сапарбаевна	Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі
Кенжеғалиев Самет Рахметұлы	Кәсіподақ төрағасы, комиссия мүшесі
Ибрашева Жанар Алпанқызы	Қазақ тілі мен әдебиеті пән бірлестігінің жетекшісі, комиссия мүшесі
Қабиева Айнұр Қайраққызы	Бастауыш сынып бірлестігі жетекшісі

Өзін-өзі бағалау барысында төмендегі мәселелер тексеріліп сарапталды, олар:

- 1) білім беру ұйымдарының мақсаты, міндеттері мен құндылықтары;
- 2) оқу және оқыту;
- 3) білікті қызметкерлердің болуы;
- 4) қолжетімді білім беру үшін жағдай жасау;
- 5) білім алушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- 6) тиімді оқытуға ықпал ететін материалдық-техникалық база.

«М.Сиранов атындағы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне жалпы сипаттама.

Атырау облысы Индер ауданы Елтай ауылы

«Атырау облысы Білім беру басқармасының Индер ауданы білім бөлімінің «М.Сиранов атындағы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің өзін-өзі бағалау қорытындысы бойынша

ТҰЖЫРЫМ

2021-2022 оқу жылы

1. Жалпы сипаттама

1. Білім беру ұйымының толық атауы:

«Атырау облысы Білім беру басқармасының Индер ауданы білім бөлімінің « М.Сиранов атындағы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Коммунальное государственное учреждение « Средняя школа имени М.Сиранова » отдела образования Индерского района Управления образования Атырауской области» **(көшірме қоса жалғанды)**

2. Білім беру ұйымының орналасқан жері:

Қазақстан Республикасы, Атырау облысы, Индер ауданы, Елтай ауылдық округі Елтай ауылы Жеңіс көшесі №18 , почта индексі 0202060

Республика Казахстан, Атырауская область, Индерский район, сельский округ Елтай, село Елтай улица Женис, дом №18 , почтовый индекс 0202060

(көшірме қоса жалғанды)

3. Заңды тұлғаның байланыс деректері:

Телефон : +77751917470, 87786270643

Электронды пошта: Shsiranov_eltai.@mail.ru

Web-сайт: siranov .edu-gov2./kz/

4. Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері :

Мектеп директоры Ешмуханбетов Сабит Сайфуллаевич

(көшірме қоса жалғанды)

5. Құқық белгілейтін және құрылтайшылық құжаттары:

«Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Атырау облысының әділет департаменті Махамбет ауданаралық әділет басқармасы». Заңды тұлғаның (филиалдың немесе өкілдіктің) мемлекеттік (есептік) қайта тіркеуі 2021 жылы 13 қаңтарда жүргізілді. **(көшірме қоса жалғанды)**

6. Рұқсат беру құжаттары:

Лицензия: Лицензия «ҚР Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Атырау облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті» мемлекеттік мекемесі. 03.02.2021 жыл № KZ 42LAA00021755 **(көшірме қоса жалғанды)**

13.2-параграф. Бастауыш, негізгі, орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары:

Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып бастауыш, негізгі, орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім берудің жаңартылған мазмұнына қойылатын талаптар сақталған.

М.Сиранов атындағы орта мектептің 2021-2022 оқу жылдарына арналған жұмыс жоспарлары бар. **(көшірме қоса жалғанды)** МЖМБС талаптары айқындалған, жалпы орта білім берудің базалық құндылықтарына, мақсаттары мен міндеттеріне сәйкестелген.

2021-2022 оқу жылының ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕСІ : Сындарлы оқыту теориясы негізінде оқу-тәрбие үдерісінде өзгерістер енгізу арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылығының артуына жағдай жасау. Мұғалімдердің кәсіби құзіреттілігін дамытуға қолдау көрсету.

Мақсаттары: Мұғалімдердің сыныпты басқару құзіреттілігін жетілдіру арқылы барлық пәндердің берілу сапасын арттыру мен мемлекеттік стандарттың орындалуын қамтамасыз ету. Педагогтардың үздіксіз кәсіби дамуына жағдай жасау.

Міндеттері:

1. ҚР Білім туралы заңын жүзеге асыру, білім алушылардың азаматтық белсенділігін қалыптастыру
2. Тәрбие, білім берудің жаңа бағдарламаларын, оқу жоспарларын, мемлекеттік білім беру стандартын, нормативтік құжаттарын, әдістемелік нұсқаулықтарды басшылыққа алу.
3. ҚР Білім беру стандартына сәйкес білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында шәкірттерге сапалы білім беру
4. Инновациялық мектептер мен жаңашыл мұғалімдер тәжірибесін жүйелі түрде зерттеу. Саралап оқыту әдістері мен формаларын одан әрі дамыту. Шығармашылық топтар жұмысын белсенді жүргізу. Оқытудың жаңа технологияларын үнемі оқып үйрету.
5. Дарынды оқушылардың қабілетін шыңдау, оларды олимпиадалар мен ғылыми – практикалық конференцияларға жыл бойы дайындауды ұйымдастыру.
6. «Зерде» және «Жас олимпиадашылар» мектебінің жұмысын жетілдіру.
7. «Жас ұлан», «Жас қыран» балалар мен жасөспірімдер ұйымының жұмысын жандандырып, шәкірттерді ұлттық салт – дәстүр негізінде тәрбиелеуді жалғастыру, инабатты ұл, ибалы қыз тәрбиелеудегі имандылық иірімдерін үйрету. Атамекенге құрмет, туған ел мен тілге деген сүйіспеншілік сезімге тәрбиелеу, шәкірттердің көркемөнерге деген талабын шыңдау.
8. Мұғалімдерді білім жетілдіру курстарынан жүйелі өткізу, әр түрлі деңгейдегі байқаулар мен конкурстарға қатыстыруды қамтамасыз ету.
9. Барлық сабақ түрлерінің жоғарғы методикалық деңгейде өтуін қамтамасыз ету.
10. Жас ұстаздарды кәсіптік жағынан шыңдау.
11. Оқу пәндерін әдістемелік қамтуды білім беру саласындағы басшылық құжаттармен, оқу жоспарларымен және бағдарламалармен сәйкестеу, авторлық бағдарламалар құру.
12. Электронды оқыту жүйесін енгізуде ақпараттық-коммуникациялық және технологиялық құзіреттілікті қалыптастыру.
13. Оқушылардың ҰБТ - ға және оқушылардың жетістігін сырттай бағалауға дайындық сапасын арттыру жұмыстарын жандандыру.
14. PISA, TIMSS халықаралық салыстырмалы зерттеулер негізінде оқу сауаттылығы, жаратылыстану - математика пәндерін оқытуда қойылатын талаптарды қалыптастыру.
15. Жаңа форматты курстан өткен мұғалімдерден жұмылдыру топтарын құру, жұмыстарын жетілдіру.
16. Элективті курстарды оқушы сұраныстарына қарай мазмұнды жүргізу.
17. Тәрбие жұмыстарының сапасын арттыру факторы ретінде баланың жеке тұлғасын қалыптастыру сабақтастығы мен үздіксіздігін қамтамасыз ету.
18. Оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру мақсатында үйірмелер, спорттық секциялар жұмысын жандандыру.
19. Қашықтан оқытуды және онлайн режимінде оқытуды қоса, отандық білім беру жүйесіне инновациялық әдістерді, шешімдерді және құралдарды қарқынды енгізу.
20. Ескірген немесе сұраныс жоқ білім пәндерінен арылу, сонымен бірге сұраныс көп және болашағы бар бағыттарды күшейту
21. Орта білім берудің оқу жоспарларының бағыттылығымен басымдықтарын оларға тәжірибелік машықтарға үйрету бойынша және тәжірибелік біліктілікке ие болу бағдарламаларын қосып, өзгерту .

2. Мектеп директоры бекіткен 2021-2022 оқу жылдарына арналған **жұмыс оқу жоспары мен сабақтар кестелері** бар . Жұмыстық оқу жоспары Қазақстан Республикасы Білім

және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты(№182 05.05.2020 жылғы өзгерістерімен), «2021-2022 оқу жылында ҚР жалпы орта білім беретін ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хаты және ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген Бастауыш, негізгі, орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім берудің үлгілік оқу жоспарлары МЖМБС талаптарына сәйкес жасалды:

1,4 сыныптарда Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 20 тамыздағы № 415 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу жоспарының жаңартылған білім мазмұны бойынша 1- қосымшасы

5-9 сыныптар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 20 тамыздағы № 415 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу жоспарының жаңартылған білім мазмұны бойынша 6- қосымшасы;

10-11 сыныптар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 20 тамыздағы № 415 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу жоспарының жаңартылған білім мазмұны бойынша 99,100- қосымшасы басшылыққа алып жасалды. (**көшірме қоса жалғанды**)

3. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылатын инвариантты компонент пәндерінің базалық мазмұны игерілді.

2020-2021 оқу жылында 1-4 - сыныптар жаңартылған білім беру жүйесі бойынша білім алды және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген Бастауыш білім берудің жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары (2018 жылғы 10 мамырдағы № 199 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) оқу бағдарламаларымен оқытылды.

5 - 9 –сыныптар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген Негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары (2017 жылғы 25 қазандағы № 545 бұйрықпен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) бағдарламамен оқытылды.

10-11-сыныптар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 7 наурыздағы № 105 бұйрығына оқу бағдарламаларымен оқытылды.

Қазақстан тарихы, дүниежүзі тарихы пәндері 5-9 сыныптарда Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 26 шілдедегі № 334 бұйрығы негізінде оқытылды.

Жаратылыстану-математикалық бағыттағы 10-11-сыныптардағы Қазақстан тарихы, дүниежүзі тарихы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 7 наурыздағы № 105 бұйрығы, 9,10,11-сыныптардағы құқық негіздері Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі № 352 бұйрығы негізінде оқытылды

4. Білім алушылардың таным мәселелерін шешуге және субъективті жаңа білімді меңгеруге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған 2021-2022 оқу жылдарына арналған **тәрбие жұмысы** іске асырылды (**көшірме қоса жалғанды**); тәрбие жұмысы бойынша жоспарға сипаттама атқарылған жұмыстар жазылады
- 2021-2022 оқу жылында «Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері» бағдарламасы бойынша жоспарланған іс-шаралар жүзеге асырылды.

I. «Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие» бағыты бойынша оқушылардың құқықтық сауаттылығын, танымдық қабілеттерін арттыру мақсатында «Абайлаңыз балалар!» профилактикалық іс-шаралар аясында 2 «ә»-сыныбында Индер аудандық жергілікті полиция тобының учаскелік полиция инспекторы, полиция аға лейтенанты Бекназаров Қуандық жолда жүру ережесі туралы түсіндіріп, оқушыларға мәлімет берді.

Қазақстан Республикасының 30 жылдығын мерекелеу жөніндегі іс-шаралар негізінде «Тәуелсіздіктің 30 қадамы» атты апталық өткізілді. Апталық барысында 4 «а»- «Тәуелсіздік-тірегім», 2 «ә»-«Тәуелсіздік-бабалардың арманы», 4 «ә» және 2 «а» сыныптарында-«Тәуелсіздік-баға жетпес байлығым», 3 «а,ә»-«Тәуелсіздік-бабадан қалған аманат», 1 «а,ә»-сыныптарында-«Тәуелсіздік-теңдесі жоқ тірегім» атты ашық тәрбие сағаттары өткізілсе, «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымының ұйымдастыруымен «Тәуелсіздік туралы не білесің, балақай» айдарымен бастауыш сынып оқушылары арасында пікір сайыстар өткізілді. Бұл шаралардың мақсаты: оқушыларымызды еліміздің 30 жылда жеткен жетістіктерімен таныстыра отырып, ұлтжандылыққа, адамгершілікке тәрбиелеу.

5-8 сыныптар арасында «Тәуелсіздік-ащы термен келген тәтті жеңіс» атты бірыңғай тақырыбымен ашық тәрбие сағатты өтті. Өткізілген шаралар барысында оқушылар ел тарихына шолу жасап, тәуелсіз еліміздің жетістіктері туралы өз білгендерін ортаға салды.

Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері Ж.Ибрашева 9 «ә»-сыныбына «Тәуелсіз Қазақстан. ЭКСПО-2017», Ж.Мыңбаева 6 «ә»-сыныбына «Астана қаласы-мәдениет ордасы» тақырыптарында ашық сабақ өткізді. Сонымен қатар, мектеп оқушылары «Тәуелсіздік –елімнің ерлік жолы» атты аудандық театрландырылған қойылымдар байқауында жүлделі I орынды иеленсе, «Мен еліммен мақтанамын» тақырыбындағы аудандық суретшілер байқауында 6 «а»-сынып оқушысы Қадіржанқызы Нұрсая «Алғыс хатпен» және Б.Шамшенов атындағы арнайы жүлдемен марапатталды.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш президенті күніне орай 3 «а»-«Елін сүйген-Елі сүйген Елбасы», 6 «ә», 7 «а»-сыныптарда «Елі үшін туған Елбасы» тақырыптарында сынып сағаты, 5 «ә»-«Елбасы-елімнің тірегі» атты ашық тәрбие сағаты, 9-сыныптарда «Әлем таныған тұлға» бейнебаян шеруі, 10-сыныптарда «Тәуелсіздік ұрпақтары» тақырыбымен сайыс өтсе, 1-11 сыныптар арасында «Елбасы-ел мақтанышы» тақырыбымен үзіліс сағаты өтті. Өткен шаралардың мақсаты: оқушыларға ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаев өмірі мен шығармашылыққа толы атқарылған істері туралы мәліметтер беру. Оқушыларға ел үшін жасаған істерін үлгі-өнеге ету. Өз Отанын, халқын сүйетін азамат болып өсуге, елжандылыққа, патриоттық сезімге тәрбиелеу.

Апталық барысында мектебіміздің жасұландықтарының қатысуымен «Жас Ұлан жүйріктері» тақырыбында зияткерлік сайыс өткізілсе, 8-11 сыныптары арасында «Тәуелсіздік-тұмарым» атты жас ақындар мұшайрасы өтті. II бөлімнен тұратын мұшайрада жас ақындарымыз Тәуелсіздік туралы туындысы мен өз шығармашылығынан өлеңдер оқыды.

ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай «Жас Ұлан» ұйым мүшелерінің ұйымдастыруымен «Арайлы азаттық, азаттықпен бірге дүние есігін ашқандар» тақырыбында тәуелсіздік құрдастарымен кездесу кеші болып өтті. Кездесу барысында Тәуелсіздік құрдастары өздері туралы деректермен бөлісіп, оқушылардың қойған сұрақтарына жауап берді. Ойындар ойнап тапсырмалар орындап, әңгіме, сұхбат құрды. Сонымен бірге, 5-8 сыныптар арасында «Жайдарлы жас ұлан» тақырыбында жайдарман ойыны өтті. Шарада оқушылар қабілеттерімен, әзілдерімен көрерменнің көңілін көтере білді. Ойын нәтижесінде 7 «ә»-сыныбының «Сиранов серілері мен сұлулары» командасы I орынды иеленсе, 5-сынып оқушысы Саламатов Арыстан «Үздік ойыншы» номинациясын иеленді. Апталық қорытындысында «Жас Ұлан» ұйымының ұйымдастыруымен «Жас Ұлан алаңы» тақырыбында 9-11 сыныптар арасында дебат ойыны өткізілді.

«Сарғайса да тарихтың ақ парағы, ол күндер мәңгі есте сақталады» тақырыбында ауған соғысы ардагері Шарипов Гамлет Іләшұлымен кездесу кеші өтті. Кеш барысында қонағымыз Ауғанның отты жылдары жайында естеліктерімен бөлісіп, оқушылардың сұрақтарына жауап берді. Сонымен бірге, Ауғанстаннан Кеңес әскерлерінің шығарылуының 33 жылдығына орай АӘД пәнінің мұғалімі Е.Сайфолла оқушылар арасында әскери-патриоттық шара өткізді. Шара барысында автоматты шашып-жинау мен мергендер сайысы өткізіліп, шарада нысанаға дәл тигізіп, автоматты шашып-жинаудан үздік танылған оқушыларға Алғыс хаттар табыс етілді.

Мектеп оқушыларының арасында теріс діни ағымдардың, экстремизм мен терроризмнің алдын-алу және оқушыларды имандылыққа, адамгершілікке тәрбиелеп, ұлттық құндылығымызды насихатта мақсатында 23 ақпан күні 8-11 сыныптар арасында

«Дін-тәрбие дінгегі» тақырыбында Индер ауданының Әйіп қажы мешітінің бас имамы Қамзағалиев Ералының қатысуымен кездесу ұйымдастырылды. Шара барысында мектеп оқушылары сұрақтар қойып, ашық пікірлесу болды.

12-сәуір- «Ғарышкерлер күніне» орай информатика пәні Э.Құлбарак «Ғарышқа сапар шеккендер» тақырыбында ақпараттық бұрыш жасақтаса, физика пәні мұғалімі Ж.Қадырғалиева 6 «а»-сыныбында «Ғарыш әлемі» тақырыбында сынып сағатын өткізді.

Қазақстандық ғылым қызметкерлері күнін атап өтуге арналған іс-шаралар жоспарына сәйкес ғалымдар еңбегі, отандық ғылымды дәріптеу, Ұлттық ғылым Академиясының тұңғыш президенті Қ.И.Сәтбаевтың туған күніне орай ғалымның өмір жолы, еңбектерімен таныстыру мақсатында 7 «а»-сыныбында «Ұлттық ғылым академиясының оқиғалар хроникасы» тақырыбында сынып сағатын өткізді.

Су және өрт қауіпсіздігінің алдын-алу мақсатында «Бала қауіпсіздігі басты назарда» тақырыбымен бірыңғай сынып сағаттары өткізілді. Шара барысында оқушыларға су және өрт қауіпін туындау салдары, олардың алдын-алу сияқты түсінік жұмыстары жүргізілді.

II. «Рухани-адамгершілік тәрбиесі» бөлімі бойынша мектебімізде 4-8 қазан аралығында Халықаралық қыздар күніне орай «Қыз болашағы-ел болашағы» тақырыбында апталық ұйымдастырылып, «Қыз Жібек» қыздар қоғамдық кеңесінің отырысы болып, апталықтың іс-шаралар жоспары жасақталды. «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында әзірленген жаңа арнайы «Дәстүр мен ғұрып» жобасын іске асыру бағытында ұйымдастырылған іс-шараның мақсаты: қоғамда қыз баланың ерекше орнын атап өту, қыздар арасында кездесетін мәселелердің шешу жолдарын, олардың құқықтарын қорғау мүмкіндіктерін кеңейту маңыздылығы туралы ескерту, аналарымыздың өнегелі өмір жолын баяндау арқылы ұлттық тәрбиені бойларына сіңіру, халқымыздың әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін қадірлеу, отансүйгіштік сезімдерге баулу. Іс-шара негізінде 8-11 сынып қыз балаларымен «Болашаққа қамқорлық» тақырыбымен психологиялық тренинг өткізілсе, 8-сынып қыз балалары арасында «GirlSafety» атты сынып сағаты өткізілді. Сонымен бірге, апталық аясында 9-11 сынып қыз балалары мен сынып жетекшілерінің қатысуымен волейболдан сайыс өткізілді. 8-11 сынып қыздары арасында мектеп медбикесі «Қыз тәрбиесі-ұлттың ұяты, халықтың шырайы» тақырыбында шара өткізіп, шарада қыздар гигиенасы, ерте жастан жүктіліктің алдын-алу, денсаулығы мәселесі туралы түсінік беріп, қыз балалардың сауалдарына жауап берді. Шараға қатынасқан ұстаздар мен оқушыларда өз ойларын ортаға салды. Апталық барысында 9-сыныптарда «Заманауи қыздың бейнесі» атты дөңгелек үстел өтіп, өткізілген шарада заманауи қыздың қазіргі келбеті, жағымды тұстары жайлы сөз қозғалды. Сонымен бірге, апталық барысында «Қыз Жібек» қыздар клубының ұйымдастыруымен «Қыз тәрбиесі-ұлт тәрбиесі» тақырыбында квест ойыны өткізілді. Апталық қорытындысы 8-11 сынып қыз балалары арасында «Қыз анадан үйренбей, өнеге алмас» тақырыбында аналармен сырласу кеші болып өтті. Сырласу кешіне медицина саласында еңбек еткен зейнеткер дәрігер Төремұратова Сара. Көп балалы жас ана, тігін саласының шебері Сүндетова Айзада. Көп балалы жас ана, қыздардың сәні мен сымбатын келістірген жеке кәсіпкер Байұзақова Гүлжан шақырылып, сырласу кешінде қыз тәрбиесі, тәртібі жайлы сөз қозғалып, сұрақтарға жауап берді. Кеш соңында қыздар белдемше тігу, көз бояудың техникаларымен танысып, шеберлік сағаты өтті.

«Әдептілік-адамгершілік белгісі» тақырыбымен бірыңғай сынып сағаттары өткізілді. Іс-шара негізінде 3 «а»- «Әдептілікті данадан үйрен», 6 «ә»-«Әдептілік-тәрбие бастауы» атты сынып сағаттары, 7 «а»-сыныбында «Адамгершілік-асыл қасиет» тақырыбында тренинг өтті. Бұл шаралардың мақсаты: оқушыларды адамгершілікке, кішіпейілділікке, жаман әдеттен аулақ болуға баулу. Адам бойындағы ұнамды, ұнамсыз қылықтарды ажырата білуге үйрету. Әдеп, әдептілік туралы түсініктерін кеңейту.

1 мамыр-Қазақстан халқының бірлігі мерекесіне орай «Бірлік сабақтары» тақырыбымен іс-шаралар өткізілді. Өткізілген шаралардың мақсаты: Оқушыларға Қазақстан Республикасы әлемде ең алғашқы мемлекеттердің бірі болып басқа ұлт өкілдеріне алтын бесік болғандығын ұғындыру. Қазақстандық патриотизмге, елін, жерін сүюге және халқын құрметтеуге тәрбиелеу. Іс-шара негізінде Қазақстан Республикасының халықтар достығы-еліміздің бірлігінің кепілдігі екенін таныту, әр халықтың өнері, оның рухани байлығының негізін оқушылар жүрегіне өз ұлтының тілін, дінін біле отырып, өзге ұлттың рухани байлығын сыйлауға, құрметтеуге тәрбиелеу бағытында 1 «а,ә»-«Ынтымақ, бірлігі жарасқан

Мәңгілік ел Қазақстан», 2 «а,ә»-«Ынтымағы жарасқан, туған өлкем Қазақстан», 3 «а,ә»-«Татулық-достықтың киелі бесігі», 4 «а,ә»-«Ынтымақ-достық кепілі», 5 «а,ә»-«1 мамыр-бейбітшілік, еңбек, достық мерекесі», 6 «а,ә»-«1 мамыр-Қазақстан халқының бірлігі күні», 7 «а,ә»-«Бейбітшілік-ел тілегі», 8 «а,ә»-«Береке бастауы ырлық, ел іші тату тірлік», 9 «а,ә»-«Халықтар достығы-бірлікте» тақырыптарында сынып сағаттарын өткізсе, 9-11 сыныптар арасында «Ұлттар достығы» атты бірыңғай тақырыппен танымдық сағаттары өткізілді. Бұл шарада 1-мамыр мерекесінің тарихы, әлем елдерінің тойлау дәстүрі туралы толық ақпарат беріліп, 1-мамыр мерекесі туралы ойларын ортаға салды.

1-наурыз-Алғыс айту күні орай 1-11 сыныптар арасында «Алтын жүрек» акциясы ұйымдастырылды. Акция аясында 5 «ә»-сыныбы ауылымыздың амбулаториясына барып, ақ халатты абзал жандарға, 6 «а»-сыныбы ауылымыздағы «Қызғалдақ» балабақшасына, 7 «а»-сыныбы Елтай ауылдық округі аппаратына барып, ел игілігі үшін қызмет етіп жүрген жандарға алғыстарын айтты.

22 наурыз-Ұлыстың Ұлы күні Наурыз мерекесіне орай 3 «а», 3 «ә» және 2 «а»-«Қош келдің, Әз Наурыз!», 10-сыныптар «Наурыз-жыл басы», 5 «ә»-«Төрлет, Наурыз төріме» атты мерекелік шаралар өтсе, 11-сынып оқушылары «Наурыз жәрмеңкесі» атты ұлттық тағамдар шеруін, мектеп парламенті оқушылары «Бауырсақ party» шарасын өткізіп, мектеп оқушылары мен ұстаздарға бауырсақ таратып, тілек айтылып, амал мерекесімен құттықтады.

1 мамыр-«Халықаралық бірлік күніне» орай 6 «ә»-сыныбында «Бірлігіміз жарасқан елміз», 3 «а»-«Бейбітшілік-ел тілегі», 7 «а»-«Береке бастауы-бірлік, ел іші-тату тірлік», 10 «а»-«Қазақстан-достық пен татулық мекені», 5 «а»-«Ынтымағы жарасқан-Қазақстан» тақырыптарында сынып сағаттары өтті. Бұл шаралардың мақсаты: оқушылардың бірлік, ынтымақтастық, достық туралы түсініктерін кеңейтіп, көп ұлтты халқымыздың тыныштығы мен бірлігін нығайтуға ат салысатын азамат болуға тәрбиелеу.

III. «Ұлттық тәрбие беру» бөлімі бойынша мектебімізде оқушылардың ана тілге деген қадір-қасиетін арттыру мақсатында Қазақстан халқы Тілдері мерекесіне орай ағылшын тілі пәні мұғалімдерінің ұйымдастыруымен «Trilingualism is the key to professional success» тақырыбында 11-сыныптар арасында зияткерлік сайыс, 7-сыныптар арасында «Страна прекрасных земных чудес» атты сайыстар өткізілді.

«Бұрын болды-қазір өзгерді» тақырыбымен Еңбек күніне орай ауылымыздың тәуелсіздік жылдарындағы жетістіктері жайлы 10 «а»-сынып оқушылары бейнеролик дайындап, әлеуметтік желілерде жарияласа, 5 «а»-сыныбына «Даңқ» залына саяхат жүргізіп, еңбегімен еленген жандар туралы мәліметтер берілді.

Қазақстан Республикасының 30 жылдығын мерекелеу жөніндегі іс-шаралар негізінде «Тәуелсіздіктің 30 қадамы» атты апталық өткізілді. Апталық барысында 4 «а»- «Тәуелсіздік-тірегім», 2 «ә»-«Тәуелсіздік-бабалардың арманы», 4 «ә» және 2 «а» сыныптарында- «Тәуелсіздік-баға жетпес байлығым», 3 «а,ә»-«Тәуелсіздік-бабадан қалған аманат», 1 «а,ә»-сыныптарында-«Тәуелсіздік-теңдесі жоқ тірегім» атты ашық тәрбие сағаттары өтті. Бұл шаралардың мақсаты: оқушыларымызды еліміздің 30 жылда жеткен жетістіктерімен таныстыра отырып, ұлтжандылыққа, адамгершілікке тәрбиелеу. Сонымен қатар, мектеп оқушылары «Тәуелсіздік –елімнің ерлік жолы» атты аудандық театрландырылған қойылымдар байқауында жүлделі I орынды иеленсе, «Мен еліммен мақтанамын» тақырыбындағы аудандық суретшілер байқауында 6 «а»-сынып оқушысы Қадіржанқызы Нұрсая «Алғыс хатпен» және Б.Шамшенов атындағы арнайы жүлдемен марапатталды.

Қазақ отбасындағы әже орны ерекше, әрі қадірлі. Әже-отбасының ғана емес, әулеттің де ұйытқысы, ағайын-абысындардың бірлігін, татулығын сақтайтын сыйлы анасы, кейінгі жастардың тәрбиешісі, әрі ақылгөйі. 8-наурыз мерекесіне орай, 1-4 сыныптар арасында «Менің әжем-ең жақсы адам» тақырыбымен байқау өткізіліп, жеңімпаз алғыс хатпен марапатталды.

8 наурыз-Аналар мен қыздар мерекесіне орай «Қыз Жібек» қыздар клубының ұйымдастыруымен сырласу кеші болып өтті. Кешке көп балалы зейнеткер ана, Елтай ауылдық округінің «Әйелдер кеңесі» және «Әжелер» ансамблінің мүшесі-Темирболатова Биғайша әжеміз және зейнеткер эпидемиолог дәрігер-Шолпан Абайқызы, көп балалы жас ана, Елтай округі аппаратының бас маманы, «Әйелдер кеңесінің» мүшесі-Нигматуллина Мейрамгүл, көп балалы ана, мектеп медбикесі-Рысмұханбетова Майгүл қонақ болып, 8-11 сынып қыздарына ақыл-кеңестерін айтып, қыз тәрбиесі, тәртібі, қылығы, денсаулығы туралы

сөз қозғап, қыздарымыздың сұрақтарына жауап берді. Сонымен қатар, аналар мен қыздар мерекесіне орай «Қыз Жібек» қыздар клубының ұйымдастыруымен «Көктем аруы-2022» байқауы өтті. Байқауға 8-10 сынып қыздары қатынасып, әртүрлі бағам бойынша бақ сынап, әр бағам бойынша үздік деп танылған 9 «а»-сынып оқушысы К.Қалыбай бас жүлдені жеңіп алды.

«Тарихи тұлғалар тағылымы» жобасы аясында іс-шаралар жоспары жасақталды. Жоба мақсаты: Отанның тарихын, жетістіктерін, Ұлы дала тарихы мен мәдениетін насихаттау, өңірлердің дамуын таныстыру, белгілі адамдарды үлгі ету, жас ұрпақтың бойында Отансүйгіштік пен ұлттық сананы қалыптастыру бағытындағы жұмыстарды жандандыру. Осы орайда "Алтын адам" мүсіндер шеруі байқауы өткізілді. Байқауда әр сынып өздері жасаған «Алтын адам» мүсіндерін таныстырып, қорғады. Байқау қорытындысымен үздік танылған сыныптар марапатталды. Жоба аясында 5-10 сыныптар арасында «Тарих жаңғырығы» атты театрландырылған қойылымдар байқауы өтті. Байқауға қатысқан оқушыларымыз бірінен бірі өтіп, тарихты қайта жаңғыртты. Байқау соңында әр сынып марапатталып, үздік номинациялар берілді.

IV. «Отбасы тәрбиесі». Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Жарлығына сәйкес, Отбасы күніне орай 2 «а»-сынып оқушылары «Бұлбақыт» тақырыбында табиғат аясында сурет салып, көңілдерін көтерді.

Жалпы адамзаттық құндылықтар күні, ал ол дегеніміз-отбасы тәрбиесінің негізінің бірі. Осы орайда мектебімізде «Жалпы адамзаттық құндылықтар-отбасы тәрбиесінің негізі» тақырыбында өзін-өзі тану пәні мұғалімдері Н.Ғалешова 6 «ә»-сыныбына «Балалық шақтың бақытты сәттері» тақырыбымен сынып сағаты, А.Байшеркешова 9 «а»-сынып ата-аналарымен онлайн жиналыс өткізді. Сонымен бірге, мектеп психологы А.Жалғасбаева 8 «а»-сынып оқушыларына «Отбасы-өмір шуағы» атты тренинг өткізді. Бұл шаралардың мақсаты: жалпыадамзаттық құндылықтар туралы түсініктерін кеңейте отырып, отбасы тәрбиесінің негізі екенін ұғындыру.

«Нашақорлық-қауіпті індет, алдын алу-міндет» тақырыбында 7-11 сынып ата-аналарымен онлайн кездесу өткізілді. Кездесуге Индер АПБ ЖПҚБ ЮПТ КТДЖ УПИ-ры полиция лейтенанты Мейрамгүл Айғали және Индер аудандық емханасының нарколог дәрігері Орақов Мұрат Хамитович қатынасты. Шарада мектеп директоры С.Ешмуханбетов ашып, нашақорлыққа қарсы бағытта мектепте атқарылған жұмыстарға тоқталды. Арнайы шақырылған қонақтарымыз ата-аналарға «Жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың, нашақорлықтың, зиянды заттарды қолданудың алдын-алу» туралы ауқымды мағлұматтар беріп, сұрақтарға жауап берді.

Индер аудандық кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтары жөніндегі комиссия отырысының хаттамалық тапсырмасына сәйкес уытқұмарлық, нашақорлық, таксикоманияның алдын-алу мақсатында мектебімізде Индер аудандық емханасының психиатр, нарколог маманы Аида Асқарқызы мен Елтай ауылдық амбулаториясының бас дәрігері Болатбек Мақсотұлымен кездесу ұйымдастырылды. Кездесуге 8-10 сынып ата-аналары мен оқушылары, мектеп психологы, мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары, сынып жетекшілер, мектеп тәлімгері және мектеп медбикесі қатыстырылды. Арнайы келген мамандар зиянды заттардың зардаптары туралы, бүгінгі таңдағы статистикалық мәліметтерге тоқталды. Оқушылар мен ата-аналар тарапынан қойылған сұрақтарға мамандар жауап беріп, пікірталас ұйымдастырылды. Сонымен бірге, 7-10 сынып қыздары мен аналарына Индер аудандық емханасының гинекологы Ибрашева Ақсұлу «Қыздардың репродуктивті денсаулығы, ерте жүктіліктің алдын-алу» тақырыбында пікірлесу сағаты өтті. Бұл шарада қыздар өздерінің көкейлерінде жүрген сұрақтарға жауап алып, дәрігермен пікірлесті.

15 мамыр-Халықаралық отбасы күніне арналған аудандық «Отбасы сағаты» сайысында Көбенғалиевтар отбасы I орынды жеңіп алып, облыстық сайыстан жүлделі III орынды иеленді.

V. «Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие» мақсатында іс-шаралар жоспары жасақталып, жоспарланған жұмыстар жүргізілді. «Бұрын болды-қазір өзгерді» тақырыбымен Еңбек күніне орай ауылымыздың тәуелсіздік жылдарындағы жетістіктері жайлы 10 «а»-сынып оқушылары бейнеролик дайындап, әлеуметтік желілерде жарияласа, 5

«а»-сыныбына «Даңқ» залына саяхат жүргізіп, еңбегімен еленген жандар туралы мәліметтер берілді.

«Жас ұлан» және мектеп парламенті оқушыларының ұйымдастыруымен жалпыұлттық #ReStart жобасы аясында интернетке тәуелділіктің алдын-алу мақсатын көздеген телефонсыз «Offline Day» шарасын өткізді. Бұл шарада оқушылар таза ауада қызықты уақыт өткізіп, сайыстарға белсенді қатынасты. Сонымен бірге, мектеп психологтары оқушыларға тренингтер өткізді.

3 «а,ә»-сыныптарында «Жануарларға қамқорлық», 4 «а,ә»-сыныптарында «Аяласаң, табиғатты аяла», 5 «а,ә»-сыныптарында «Табиғатқа қамқорлық», 6 «а,ә»-сыныптарында «Құстарға қамқорлық», 6 «а,ә»-сыныптарында «Сүйіспеншілік-өмір негізі», 7 «а,ә»-сыныптарында «Адамдардың табиғатсыз күні жоқ», 8 «а,ә»-сыныптарында «Үй жануарлары», 9 «а,ә»-сыныптарында «Жануарлар әлемінің сан алуандығы» атты ZOOM платформасы арқылы қашықтық сынып сағаттары өткізілді. Бұл шараларды өткізудегі негізгі мақсат: оқушыларға қоршаған орта және жануарлар әлемі туралы тереңірек ақпарат беріп, оларға деген сүйіспеншілігін ояту. Сонымен қатар, мектепбіздің 10-11 сыныптар арасындағы еріктілер тобының мүшелері «Қайырымдылық жасау-игі іс» тақырыбымен акция өткізді. Акцияны өткізудегі мақсат: оқушылардың бойына мейірімділік пен қайырымдылық ұғымдарын қалыптастыру, кішіпейілділікке, бауырмалдыққа тәрбиелеу және құндылықтарға бай тұлға қалыптастыру. Шарадан кейін оқушылар қайырымдылық жасау үшін асып-тасып бай болудың қажеті шамалы, ең бастысы мейірімді жүрегің мен таза ниетің болса жеткілікті екенін және кез келген қиын жағдайда адам баласы әр түрлі бағытта көмек қолын соза алатынын түсінгендерін сөз етті. «Қайырымдылық жасасаң, қайырын көрерсің» дегендей, қайырлы істің ұршығын иірген оқушыларымыз нағыз адамгершіліктің үлгісін көрсете білді. Іс-шараның мақсаты: мектеп оқушыларының қоршаған орта мен жануарларға деген сүйіспеншілігін арттыруға бағытталған.

9-сынып оқушыларына және ата-аналарына «Атырау және көлік коммуникация» колледжінің өкілдері оқу орны және мамандықтары туралы түсінік беріп, талапкерлерді оқуға шақырды. Сонымен бірге, оқушыларға кәсіби бағдар беру мақсатында 9-11 сынып оқушыларына С.Өтебаев атындағы мұнай және газ университетінің ұстаздары мен студенттері келіп, оқу орны туралы мәлімет беріп, оқуға шақырды.

VI. «Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі». Оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру мақсатында оқушылардың үйірмелер мен спорттық секцияларға қатысуын қамтамасыз ету шаралары жүргізілді. Мектеп парламенті мен «Жас ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымының ұйымдастыруымен кітап оқушылар клубы ашылды. Клубқа 1-10 сынып оқушыларынан кітапқұмарлар таңдап алынып, әр бейсенбі күні кітапханада кітап талқылап, уақыттарын қызықты өткізу жоспарланды. «Жас Ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымының және мектеп парламентінің ұйымдастыруымен оқушыларды кітап оқуға ынталарын арттыру мақсатында апта сайын «Book Reading Club», яғни кітап оқушылардың клубы отырысы өтіп тұрады. «Оқуға құштар мектеп» жобасын іске асыру бойынша «Балалыққа кітаппен барар жол» жобасы аясында мектеп кітапханасына саяхат жасап, бастауыш сыныптар арасында «Шалқан» театрландырылған қойылымы өткізіліп, 1-сыныптар арасында «Мен оқыған ертегі» тақырыбымен өздері оқыған ертегілерін бейнелеп, таныстырды. Салған суреттерінен сурет көрмесі ұйымдастырылды. Сонымен бірге, әр аптаның дүйсенбісі күні мектебімізде «Ақпараттық хабарлама» өткізу жолға қойылған.

«Жас ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымының 10 жылдығына арналған «ZHAS ULAN CUP» аудандық пікірсайыс турнирінде мектебіміздің «Ділмар» дебат командасы ІІІ орынды иеленсе, жас дебатшы Н.Бекшойын «Ең білімді спикер» номинациясымен марапатталды. Сонымен қатар, «Жас ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымына «10 жыл: айқын мақсат, межелі бағыт, көшбасшы тұлғасын қалыптастыру» тақырыбымен аудандық слетіне қатысқан мектебіміздің жасұландықтарына Атырау облысы «Жас Ұлан» ББЖҰ ҚБ-нен сертификат табыс етілсе, 10 «а»-сынып оқушысы Махсотова Ақтыныс Алғыс хатпен марапатталды.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күні және Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығы мерекелеріне арналған мектеп оқушыларының республикалық пікірсайыс турнирінің аудандық кезеңінде «Ұшқын» дебат командасы, яғни 10 «а»-сынып

оқушылары Адиетова Гүлдана мен Қаражанова Таңшолпан III орынды иеленсе, Адиетова Гүлдана «Ең мақсатты ойыншы» номинациясымен марапатталды.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш президенті күніне орай 3 «а»-«Елің сүйген-Елі сүйген Елбасы», 6 «ә», 7 «а»-сыныптарда «Елі үшін туған Елбасы» тақырыптарында сынып сағаты, 5 «ә»-«Елбасы-елімнің тірегі» атты ашық тәрбие сағаты, 9-сыныптарда «Әлем таныған тұлға» бейнебаян шеруі, 10-сыныптарда «Тәуелсіздік ұрпақтары» тақырыбымен сайыс өтсе, 1-11 сыныптар арасында «Елбасы-ел мақтанышы» тақырыбымен үзіліс сағаты өтті. Өткен шаралардың мақсаты: оқушыларға ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаев өмірі мен шығармашылыққа толы атқарылған істері туралы мәліметтер беру. Оқушыларға ел үшін жасаған істерін үлгі-өнеге ету. Өз Отанын, халқын сүйетін азамат болып өсуге, елжандылыққа, патриоттық сезімге тәрбиелеу.

ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған «Жас Ұлан» ұйымының ұйымдастыруымен «Жас Ұлан алаңы» тақырыбында 9-11 сыныптар арасында дебат ойыны өткізілді.

Жас маман Т.Сатқанова «Білім беруде цифрлық технологияны тиімді пайдалану» тақырыбында 9-11 сыныптарға семинар өткізді. Plickers, Kahoot, Socrative сияқты бағдарламалармен жұмыс істеу жолын, тиімділігі мен пайдасы туралы мағлұмат беріп, сұрақтарға жауап берді.

Мектеп оқушыларының республикалық пікірсайыс турнирінің аудандық кезеңінде «Ұшқырлар» фракциясы-Қалиолла Еркебұлан, Мақсотова Ақтыныс II орынға ие болса, Мақсотова Ақтыныс «Үздік аналитик» номинациясымен марапатталды. «Ұшқын» дебат клубының мүшелері арасында «Дебат турниріне дайындалудың тиімді жолдары» атты тренинг болып өтті. Мектебіміздің дебатшылары өз ойларын ортаға салып, жетекші айтқан ұсынымдарға пікірлерін қосып, соңында жолдастық кездесу турнирімен жалғасын тапты.

«Жас Ұлан» ұйымы мен мектеп парламенті оқушыларының ұйымдастыруымен «Student's party» тақырыбында студенттермен кездесу кеші ұйымдастырылды. Кездесуге мектебіміздің түлектері Ж.Нағимова, Б.Сайфолла, Д.Мубин, А.Каукунов, Р.Ихсановтар шақырылып, кеш қонақтары оқушылардың сұрақтарына жауап беріп, студенттік сәттердің қызығы мен қиыншылығы туралы айтып, ойындар ойнап, тапсырмалар орындады.

1-11 ақпан аралығында «Өзін-өзі тану: Махаббат пен шығармашылық педагогикасы» атты дәстүрлі онкүндік өткізіліп, онкүндік аясында 5-8 сыныптар арасында «Сүйіспеншілік әлемінде» тақырыбындағы сахналық қойылымдар топтасы өтті. Сонымен қатар, 4 «ә»-сыныбында «Ғажайып бестік» тақырыбында сайыс өткізілді. Бұл сайыстың мақсаты: оқушылардың жалпыадамзаттық бес құндылық туралы білімдерін пысықтау және осы құндылықтарды өмірде қолдана білуге тәрбиелеу, оқушылардың танымдық және шығармашылық қабілеттерін арттыру. Онкүндік барысында өзін-өзі тану пәні мұғалімі Н.Ғалешова 10 «а»-сыныбына «Мен сенің өміріңнің жалғасымын» атты шығармашылық сабағын өткізді. 1-4 сыныптар арасында «Менің отбасымның тарихы» атты презентациялар байқауы өткізіліп, нәтижесінде 2 «ә»-сынып оқушысы Аманжол Ақжарқын «Бас жүлдені» иеленді.

11-сынып оқушыларына «Мамандық таңдау-маңызды қадам» тақырыбында мамандық таңдау кеші өтті. Кешке әр түрлі мамандық иелері қонаққа шақырылып, өз мамандықтарының қызығы мен қиыншылығы туралы сөз қозғап, оқушыларға бағыт-бағдар берді.

Мектеп парламентінің ұйымдастыруымен оқушылар арасында «Маска шоуы» ұйымдастырылды. Бұл шараның мақсаты: Оқушылардың шығармашылығын арттыру, өнерге бейімдеу, қызығушылығын ояту. Маска шоуға 8 маска және 2 қонақ маска қатысып, көрерменнің көңілінен шықты. Әділқазылар алқасының шешімімен қатысушылар марапатталып, сыйлықтар табыс етілді.

Интернет-бүкіл әлемдегі миллиондаған компьютерлер мен ұялы сым тетіктерді бір-бірімен байланыстыратын орасан зор желі. Оның пайдасы мен қатар зиянды тұстары да бар. «Қауіпсіз интернет» шарасы аясында 11-сынып оқушылары ғаламтордың пайдасы мен зияны туралы пікірталас тастап, өз ойларын постер қорғау арқылы дәлелдеуге тырысты. Интернет қауіпсіздікті қамтамасыз ету жайында пікірлерін ортаға салды.

VII. «Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие». «Бұрын болды-қазір өзгерді» тақырыбымен Еңбек күніне орай ауылымыздың тәуелсіздік жылдарындағы

жетістіктері жайлы 10 «а»-сынып оқушылары бейнеролик дайындап, әлеуметтік желілерде жарияласа, 5 «а»-сыныбына «Даңқ» залына саяхат жүргізіп, еңбегімен еленген жандар туралы мәліметтер берілді.

«Мен еліммен мақтанамын» тақырыбындағы аудандық суретшілер байқауында 6 «а»-сынып оқушысы Қадіржанқызы Нұрсая «Алғыс хатпен» және Б.Шамшенов атындағы арнайы жүлдемен марапатталды.

4-8 қазан аралығында Халықаралық қыздар күніне орай «Қыз болашағы-ел болашағы» тақырыбында апталық ұйымдастырылып, «Қыз Жібек» қыздар қоғамдық кеңесінің отырысы болып, апталықтың іс-шаралар жоспары жасақталды. «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында әзірленген жаңа арнайы «Дәстүр мен ғұрып» жобасын іске асыру бағытында ұйымдастырылған іс-шараның мақсаты: қоғамда қыз баланың ерекше орнын атап өту, қыздар арасында кездесетін мәселелердің шешу жолдарын, олардың құқықтарын қорғау мүмкіндіктерін кеңейту маңыздылығы туралы ескерту, аналарымыздың өнегелі өмір жолын баяндау арқылы ұлттық тәрбиені бойларына сіңіру, халқымыздың әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін қадірлеу, отансүйгіштік сезімдерге баулу. Іс-шара негізінде 8-11 сынып қыз балаларымен «Болашаққа қамқорлық» тақырыбымен психологиялық тренинг өткізілсе, 8-сынып қыз балалары арасында «GirlSafety» атты сынып сағаты өткізілді. Сонымен бірге, апталық аясында 9-11 сынып қыз балалары мен сынып жетекшілерінің қатысуымен волейболдан сайыс өткізілді. 8-11 сынып қыздары арасында мектеп медбикесі «Қыз тәрбиесі-ұлттың ұяты, халықтың шырайы» тақырыбында шара өткізіп, шарада қыздар гигиенасы, ерте жастан жүктіліктің алдын-алу, денсаулығы мәселесі туралы түсінік беріп, қыз балардың сауалдарына жауап берді. Шараға қатынасқан ұстаздар мен оқушыларда өз ойларын ортаға салды. Апталық барысында 9-сыныптарда «Заманауи қыздың бейнесі» атты дөңгелек үстел өтіп, өткізілген шарада заманауи қыздың қазіргі келбеті, жағымды тұстары жайлы сөз қозғалды. Апталық қорытындысы 8-11 сынып қыз балалары арасында «Қыз анадан үйренбей, өнеге алмас» тақырыбында аналармен сырласу кеші болып өтті. Сырласу кешіне медицина саласында еңбек еткен зейнеткер дәрігер Төремұратова Сара. Көп балалы жас ана, тігін саласының шебері Сүндетова Айзада. Көп балалы жас ана, қыздардың сәні мен сымбатын келістірген жеке кәсіпкер Байұзақова Гүлжан шақырылып, сырласу кешінде қыз тәрбиесі, тәртібі жайлы сөз қозғалып, сұрақтарға жауап берді. Кеш соңында қыздар белдемше тігу, көз бояудың техникаларымен танысып, шеберлік сағаты өтті.

«Жас ұлан» жасөспірімдер ұйымы мен мектеп парламентінің ұйымдастыруымен «Күз ханзадасы мен ханшайымы-2021» тақырыбымен сайыс өткізілді. Сайысқа қатынасатындар ортаға өз өнерлерін салып, білімдермен сынға түсті. Сайыс нәтижесінде 6 «ә»-сынып оқушылары Темир Мансур мен Жолдыбай Асылзада жеңімпаз танылып, мектеп директорының алғыс хатымен марапатталды.

ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай «Жас Ұлан» ұйымының ұйымдастыруымен 5-8 сыныптар арасында «Жайдарлы жас ұлан» тақырыбында жайдарман ойыны өтті. Шарада оқушылар қабілеттерімен, әзілдерімен көрерменнің көңілін көтере білді. Ойын нәтижесінде 7 «ә»-сыныбының «Сиранов серілері мен сұлулары» командасы I орынды иеленсе, 5-сынып оқушысы Саламатов Арыстан «Үздік ойыншы» номинациясын иеленді.

ҚР Президенті атынан өткізілген Жаңа жыл шыршасына мектебіміздің 6 «а»-сынып оқушысы қатынасып, Жаңа жыл мерекесі қарсаңында ҚР Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлының арнаған құттықтауы мен сыйлықтары табысталды. Сонымен бірге, 2 «ә», 5 «ә», 1 «ә», 4 «ә»-сыныптары «Менің ең қызықты жаңа жылым» атты фотокөрме ұйымдастырды.

5 «а»-сынып оқушылары мен сынып жетекшісі Ж.Мыңбаева өшпес туындылар мен жүрек тебіренер өлең жолдарын қалдырған ақиық ақын Мұқағали Мақатаеваға арналған бейнебаян дайындап, әлеуметтік желіге жарияласа, 5-10 сыныптар арасында мектеп кітапханасында «Хан тәңірінің мұзбалағы» атты поэзия кеші өтті. Кешке поэзияға жаны жақын, өлеңге құштар оқушыларымыз қатынасып, ақынның сыршыл өлеңдерін оқыды.

VIII. «Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты» бойынша оқушыларға «Біз нашакорлыққа қарсымыз» тақырыбымен 7-8 сыныптарға Индер аудандық жергілікті полиция тобының учаскелік полиция инспекторы, полиция аға лейтенанты Бекназаров Қуандық жиналыс өткізіп, нашакорлықтың адам денсаулығына зиянын, қауіптілігі жайында мәлімет берді.

«Менің таңдауым-саламатты болашақ» тақырыбындағы аудандық үздік театрландырылған қойылымдар байқауында мектебіміздің оқушылары ІІІ орынды иеленді.

8-11 сынып қыз балалары арасында «Қыз анадан үйренбей, өнеге алмас» тақырыбында аналармен сырласу кеші болып өтті. Сырласу кешіне медицина саласында еңбек еткен, зейнеткер дәрігер Төремұратова Сара қатынасып, сырласу кешінде қыз тәрбиесі, тәртібі жайлы сөз қозғалып, сұрақтарға жауап берді. Кеш соңында қыздар белдемше тігу, көз бояудың техникаларымен танысып, шеберлік сағаты өтті.

«Қазақстан балалары-қысқы ғажайып» тақырыбымен оқушылардың қысқы демалысын қызықты, әрі тиімді ұйымдастыру мақсатында 3 «ә»-сынып оқушылары және сынып жетекшісі қысқы сырғанаққа барып, уақыттарын көңілді өткізді. 2 «ә»-сыныбы «Менің ең қызықты жаңа жылым» атты фотокөрме ұйымдастырды.

«Нашақорлық-қауіпті індет, алдын алу-міндет» тақырыбында 7-11 сынып ата-аналарымен онлайн кездесу өткізілді. Кездесуге Индер АПБ ЖПҚБ ЮПТ КТІЖ УПИ-ры полиция лейтенанты Мейрамгүл Айғали және Индер аудандық емханасының нарколог дәрігері Орақов Мұрат Хамитович қатынасты. Шарада мектеп директоры С.Ешмуханбетов ашып, нашақорлыққа қарсы бағытта мектепте атқарылған жұмыстарға тоқталды. Арнайы шақырылған қонақтарымыз ата-аналарға «Жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың, нашақорлықтың, зиянды заттарды қолданудың алдын-алу» туралы ауқымды мағлұматтар беріп, сұрақтарға жауап берді.

«Нашақорлық-қауіпті індет, алдын-алу міндет» тақырыбында 10 «ә»-сыныбында, 5 «а»-«Есірткісіз өмір сүрейік» сынып сағаты, 7 «а»-сыныпта «Ертеңді ойласаң, есірткіге жолама» атты танымдық сағаты, 5 «ә»-сыныбында «Есірткі-жас өмірді улаушы» тәрбие сағаты өткізілсе, 6 «ә»-сыныбында «Есірткі-адамның қасы, аурудың басы» атты тренинг-сабақ, 9 «ә»-сыныбы «Нашақорлық-қоғам дерті» атты дөңгелек үстел өтсе, 10 «а»-сынып оқушылары «Нашақорлыққа жол жоқ» тақырыбымен ауыл тұрғындарымен сұхбаттасып, темекіні кәмпітке айырбастау арқылы акция ұйымдастырды.

8 наурыз-Аналар мен қыздар мерекесіне орай «Қыз Жібек» қыздар клубының ұйымдастыруымен сырласу кеші болып өтті. Кешке зейнеткер эпидемиолог дәрігер-Шолпан Абайқызы, көп балалы ана, мектеп медбикесі-Рысмұханбетова Майгүл қонақ болып, 8-11 сынып қыздарына ақыл-кеңестерін айтып, қыз тәрбиесі, тәртібі, қылығы, денсаулығы туралы сөз қозғап, қыздарымыздың сұрақтарына жауап берді.

2022 жыл-«Балалар жылына» орай 1-сынып оқушылары арасында «Менің өлкемдегі қыс мезгілі» тақырыбында оқушылардың қысқы демалысын көңілді де тиімді өткізу мақсатында спорттық ойындардан жарыс өткізді. Оқушылар сайысқа белсене қатысты. Сонымен бірге, 9-11 сынып оқушылары арасында шаңғы тебуден сайыс ұйымдастырылып, жеңімпаздар алғыс хатпен марапатталды.

Ақыл-ойды дамытатын, адамның қабілетін арттырып, ми қызметін жетілдіретін зияткерлік ұлттық ойынды ойнайтын 5-8 сынып оқушылары арасында «Балалар жылына» орай тоғызқұмалақ пен дойбыдан сайыс өткізіліп, сайыста оқушылар арасында тартысты ойын өтіп, шын жүйріктер марапатталды.

5.Білім алушылардың рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көркемдік-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін іске асыруды қамтамасыз ететін жиынтығында сабақтан тыс іс-әрекеттің әртүрлі нысандары ұйымдастырылуда. (2020-2021 оқу жылдарына арналған қосымша сабақтар кестесі мен спорттық, шығармашылық және мәдени конкурстарға, жарыстарға, фестивальдар мен байқауларға қатысу нәтижелерінің көшірмелері қоса жалғанды);байқау конкурстардың нәтижесі

Спорттық, шығармашылық және мәдени конкурстарға, жарыстарға, фестивальдер мен байқауларға қатысу нәтижелері

Спорттық, шығармашылық және мәдени конкурстарға, жарыстарға, фестивальдер мен байқауларға қатысу нәтижелері	Үлесі	Баға
194	49,3	үздік

5. Халықаралық немесе республикалық спорттық, мәдени, шығармашылық іс-шаралардың жеңімпаздары мен жүлдегерлер саны – 21.
6. Өңірлік немесе облыстық спорттық, мәдени, шығармашылық іс-шаралардың жеңімпаздары мен жүлдегерлер саны – 173
7. Барлығы 194 оқушы спорттық, шығармашылық және мәдени конкурстарға, жарыстарға, фестивальдер мен байқауларға қатынасып, жүлделі орындарды иеленді.

6.10-11 сыныптарда қоғамдық – гуманитарлық бағытта Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 20 тамыздағы № 415 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу жоспарының 99- қосымшасы басшылыққа алып жасалды.

10-11 сыныптарда жаратылыстану-математикалық бағытта Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 20 тамыздағы № 415 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу жоспарының 99- қосымшасы басшылыққа алып жасалды .(көшірме қоса жалғанды)

7.Ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылардың ерекшеліктерін және жеке мүмкіндіктерін ескере отырып 2021-2022 оқу жылына арналған оқыту процесі ұйымдастырылды. 2021-2022 оқу жылында Облыстық психологиялық медициналық педагогикалық кеңестің 2021 жылғы 17 мамырдағы №169 қаулысының шешімімен Қайырғали Айсана 7- сыныпты жеке үй жағдайында оқиды.Диагнозы: Умеренная умственная отсталость на резидуально – органическом фоне. ДЦП, спастический тетрапарез. Нарушение функции органов таза. ОНР II уровня, стертая форма дизартрии.Жеке үй жағдайында негізгі орта білім берудің 7- сыныбына арналған жұмыстық оқу жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің ҚР Білім және ғылым министрінің 2021 жылдың 26 наурыздағы №125 бұйрығының 9- қосымшасы 11-тарауымен бекітілген «Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін ерекше білім беруге қажеттілігі бар білім алушыларға арналған негізгі орта білім берудің үлгілік оқу жоспарын» басшылыққа ала отырып жасалды.

Үй жағдайында негізгі орта білім берудің 7- сыныбына арналған жұмыстық оқу жоспарының инварианттық бөліміндегі барлық сағаттар саны – 9, түзету компонентіндегі сағаттар саны – 1. Барлық жүктеменің шекті көлемі – 340 сағат. (көшірме қоса жалғанды);

8. ЖББ ҮОЖ сәйкес жүзеге асырылатын **вариативтік компоненттің факультативтері мен таңдау курстары** 2021-2022 оқу жылдарында іске асырылды.

Вариативті компонентіндегі белсенді –қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтар 2а, 2ә сыныбында «Икемді еңбек », « Ұлттық ойындар »,3а, 3ә сыныбында «Сурет әлемі », «Шебер қолдар», 4а,4ә сыныбында «Сахналық қойылым» , «Ұлттық қолөнер» курстарына бөлінген.Бұл курстар оқушылардың танымдық дүниетаным қабілеттерін арттыруға бағытталған. Шығармашылыққа баулиды.

Вариативті компоненттің жаһандық күзiреттiлiк немесе таңдау бойынша мынадай курстар өткізілді:

5а,5ә -сыныптарына: «Парасаттылық және әдеп»;

6а,6ә- сыныптарына: «Экология» .

7а,7ә- сыныптарына « Эмоционалдық интеллект»;

8а, 8ә- сыныптарына «Медиасауаттылық»

9а,ә- сыныптарда « Зайырлылық және дінтану негіздері курстарына бөлінді.

Бұл курстардың мақсаты: мәліметтерді алу және ұсыну, нәтижелерді түсіндіру, ғылыми зерттеуді жоспарлау, бақылау , ойлау және коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру мен дамыту болып табылады. Мысалы, әр түрлі тақырыптарды зерделеу арқылы білім алушы жоспары құруды, зерттеу, жіктеу, бақылау, эксперименттер жүргізу, нәтижелері баяндау мен бағалау, қорытындылар жасауға және ойша пайымдауды үйрету. Яғни білім алушылардың бойында үйде, мектепте,

табиғаттан байқалатын объектілер мен құбылыстарды түсіндіру және сипаттау үшін алған білімі мен дағдыларын күнделікті өмірде қолдана білуі дамиды.

Элективті курстар бойынша :

5а,5ә сыныптарына « Түстер мен қолөнер», «Баскетбол техникасы» 6а, 6ә сыныптарына « Асық ойнау техникасы», «Бисер моншақпен жұмыс», 7а,7ә сыныптарына « Фмизика ағылшын тілінде », «Информатика пәнін ағылшын тілінде оқыту » 8а, 8ә сыныптарына«Футбол техникасы», «Химия пәнін ағылшын тіліндеоқыту » 9а,9ә сыныптарына «Физикалық терминдерді ағылшын тілінде оқып үйрену», «Информатика пәнін ағылшын тілінде оқыту» курстарына бөлінді.Бұл курстар оқушылардың қызығушылығына қарай таңдалып, логикалық, шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталған.

Қоғамдық –гуманитарлық бағыттағы 10а- сыныбында «Абайтану », «Лингвист », «Құқықтық сауаттылық », « Алаштану », «халықаралық қатынастар», «звездный час книголюба» тақырыбындағы элективті курстар оқушының тұлғалық қабілеттерін дамытуға бағыттау, сөз мәдениетін қалыптастыруға шығармашылық күзiретiлiктерiн қалыптастыруға бағытталған. Алғашқы әскери және технологиялық дайындық пәнінен далалық оқу жиынына (лагерьлік) вариативті бөлімнен 1 сағат қарастырылды

Жаратылыстану –математика бағытындағы 10ә сыныбында «Физикадан күрделі есептер», «Эволюциялық ілім » , тақырыбындағы элективті курстарда оқушылар жаратылыстану ғылымдары бойынша алған білімдерін толықтыра түседі және ғылым салалары бойынша күрделі есептерді шешу жолдарын үйренеді. Алғашқы әскери және технологиялық дайындық пәнінен далалық оқу жиынына (лагерьлік) вариативті бөлімнен 1 сағат қарастырылды

Вариативті компоненттің жаһандық күзiретiлiк бағыты бойынша «Кәсіпкерлік және бизнес» сабағына бөлінді

«Өмір қауіпсіздігінің негіздері» оқу курсының мазмұны 10-сыныптарда Алғашқы әскери және технологиялық дайындық пәні аясында 12 сағаттық жүктемемен оқытылады.

Қоғамдық –гуманитарлық бағыттағы 11а сыныбында «Абайтануә», «Шешендік өнер және сөз мәдениеті», « Құқықтық мәдениет», «Тарихи тұлғалар, «Елтану», «English speaking countries» , «Ұлт азаттық қозғалыстар» элективті курстарына бөлінді.

Жаратылыстану –математика бағытындағы 11ә сыныптарындағы жеке және топтық сабақтар «Математикадан күрделі есептер», «Физикадан күрделі есептер» , «Химия және медицина» тақырыбындағы элетивті курстарға бөлінді.

Вариативті компоненттің жаһандық күзiретiлiк бағыты бойынша «Кәсіпкерлік және бизнес» сабағы өтеді (**сабақ кестелерінің көшірмесі қоса жалғанды**);

9. "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" міндетті оқу курсы:

Бастауыш 1-3 сыныптарда Дүниетану оқу пәнінде 6 сағат, 4-сыныптарда Дүниетану оқу пәнінде 10 сағаттан, 5-9 сыныптарда Дене шынықтыру оқу курсының аясында 15 сағаттан, 10-сыныпта Алғашқы әскери және технологиялық дайындық оқу курсы аясында 12 сағат, 11-сыныпта Алғашқы әскери және технологиялық дайындық оқу курсына 16 сағаттан жүзеге асырылды.

11. 2021-2022 оқу жылында "Жолда жүру ережелері" оқу курсының мазмұнын 1-4-сыныптарда әрбір сыныпта 6 сағаттан сынып сағаттары есебінен және сабақтан тыс уақытта сынып жетекшілері жылдық жұмыс жоспарында тақырыптары мен мерзімін көрсете отырып, іске асырды және "Жол қозғалысы ережелері" оқу курсы 5-8-сыныптарда сыныптан тыс уақыттарда және сынып сағаты есебінен 10 сағат көлемінде жүргізілді, сынып журналының жеке бетінде сабақтың тақырыбы мен сабақтың өткізілген күні көрсетіліп жазылды.

1 а-сынып–14.09, 19.10, 14.12, 12.04, 17.05.

1 ә-сынып–14.09, 19.10, 14.12, 12.04, 17.05.

2 а-сынып–17.09,15.10,10.12,11.03,15.04,20.05

2 ә-сынып-17.09,15.10,10.12,11.03,15.04,20.05

3а –сынып-17.09,15.10,10.12,11.03,15.04,20.05

3ә -сынып–24.09,15.10,24.12,18.02,15.04,20.05

4 а-сынып–24.09,22.10,24.12,18.02,15.04,20.05.

4 ә-сынып–24.09,22.10,24.12,18.02,15.04,20.05

5 а –сынып-17.09,22.10,12.11,26.11,10.12,21.01,18.02,04.03,15.04,13.05

5 ә -сынып–16.09,07.10,11.11,09.12,13.01,20.01.17.02,17.03,14.04,19.05

6 а -сынып–15.09,13.10,10.11,24.11,15.12,12.01,16.02,16.03,20.04,18.05

6 ә -сынып–10.09,15.10,12.11,19.11,10.12,14.01,11.02,18.03,08.04,06.05

7 а сынып - 24.09,22.10,26.11,24.12,28.01,11.02,25.02,11.03,22.04,13.05

7 ә сынып - 24.09,22.10,26.11,24.12,28.01,11.02,25.02,11.03,22.04,13.05

8 а-сынып – 10.09,8.10,5.11,10.12,14.01,4.02,4.03,8.04,6.05,20.05

8 ә-сынып - 10.09,8.10,5.11,10.12,14.01,4.02,4.03,8.04,6.05,20.05

10. Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесі сақталуда. осы Өлшемшарттардың **10, 11, 12, 13, 14, 17-қосымшаларына** сәйкес толтырылған кестелер, оның ішінде жалпы білім беру ұйымы бойынша оқу және оқу-зертханалық жабдықтар мен жиһаздардың болуы жөніндегі бейне материалдар және бухгалтерлік есептілік деректерінен негізгі құралдардың тізбесі **көшірмесі қоса берілді.**

11. Мектептің педагогикалық ұжымының сапалық және сандық құрамының анализі мектептің қажетті оқу-педагогикалық потенциалымен толық қамтылған. Мектепте ҚР мемлекеттік стандартымен қарастырылған барлық пәндер жүргізіледі. Педагогтердің жеке іс-құжаттары, еңбек кітапшалары талапқа сай келеді, мектепте мамандар есебі жүргізіледі. Мұғалімдердің жеке істері, еңбек және санитарлық кітапшалары талаптарға сәйкес. Педагогикалық ұжымның сапалық және сандық құрамның талдауы мектепте қажетті оқу-педагогикалық потенциалдың барлығын көрсетеді, мектепте тұрақты ұжым құрылған.

12. 2021-2022оқу жылында бастауыш білім беру деңгейіндегі педагогтердің сапалық құрамы:

Оқу жылы	Барлық мұғалімдер саны	Жоғары біліктілік санаты	%	Бірінші біліктілік	%	Екінші орыптілік санаты	%	Педагог-шебер	%	Педагог-зерттеуші	%	Педагог-сарапшы	%	Педагог-модератор	%	педагог	%	Сапа
2021-2022	14	-	-	-	-	1	7,1	-	-	3	21,4	4	28,5	2	14,2	-	-	71,4

Бастауыш білім беру деңгейіндегі педагогтердің жалпы санынан жоғары және бірінші санаттағы педагогтердің, педагог-сарапшылардың, педагог-зерттеушілердің үлесі 71,4 %.

Негізгі орта білім беру, жалпы орта білім беру деңгейіндегі педагогтердің сапалық құрамы

Оқу жылы	Барлық балалар саны	Жоғары біліктілік санаты	%	Бірінші біліктілік	%	Кіші	%	Педагог-шебер	%	Педагог-зерттеуші	%	Педагог-сарапшы	%	Педагог-мәселелер	%	педагог	%	Сапа
2021-2022	38	1	2,6	1	2,6	-	-	-	-	10	26,3	14	36,8	6	15,7			84,2

Негізгі орта білім беру, жалпы орта білім беру деңгейіндегі педагогтердің жалпы санынан жоғары және бірінші санаттағы педагогтердің, педагог-сарапшылардың, педагог-зерттеушілердің, -84,2 %.

Педагог кадрлардың біліктілік арттырудан және қайта даярлаудан өткені туралы мәліметтер саны (2021-2022 оқу жылы)

Оқу жылы	Барлық педагогтар	Базалық	Жаңартылған білім беру	Инклюзив	Цифрлық құзыреттілік	Өзін-өзі тану
2021-2022	52	28	46	6	4	2

Білім алушыларға медициналық қызмет көрсетудің болуы:

Медициналық кабинет бар. Медициналық қызметке лицензия: № 00581DR Мерзімі-шектенген.

Мектеп мейірбикесі – Рысмуханбетова Майгүл.

Гурьев медициналық училищесін 1989 жылы «Медсестра» мамандығы бойынша бітірген. Мамандығы бойынша медициналық қызметті жүзеге асыру және клиникалық практикаға жіберу үшін маман сертификатын 2019 жылы 29 тамызда алған. Сертификат 29.08.2024 жылға дейін жарамды. Тіркеу №КЗ07VBM00968457, берілген күні 29.08.2019 жыл. Қазақстан Республикасы

Білім алушыларға арналған тамақтандыру объектісінің болуы.

Мектеп бойынша асхана 120 орынға арналған. Асхананың жалпы ауданы – 28,90 м². Бөлме саны – 3. Ас даярлайтын бөлменің ауданы – 6 м². Ас ішетін бөлменің ауданы – 14,9 м², ыдыс жуатын жер -6 м², қойма -81,6 м².

Ас ішу залында үстелдер, орындықтар, қол жуатын раковина, қол кептіретін құрал, сұйық сабын, қоқыс салатын жәшік орналастырылған. Асханада «Асыңыз дәмді болсын!» тақтасы, ақпараттық стендтер ілінген. Мектеп асханасында 1 аспазшы бар. Асхана қызметкерінің білім дәрежесін растайтын құжаттары бар. Санитарлық кітапшалары талапқа сай, медициналық тексерістен уақытылы өткен. Жұмыс барысында халат, фартук, орамал, екінші аяқ киім киеді. Ас пісіру барысында қолдарына арнайы резеңке бес саусақты қолғап киеді. Ауыстырып отыруға халат, фартук, орамалдары бар. Ас дайындау барысында, асхана ішінде санитарлық талаптарды орындайды.

Тұрмыстық техникадан келесі тіркелді:

Үш камфоралы электр плитасы - 1 дана. Плиталардың пештері жұмыс жасайды.

Тоңазытқыш (мұздатқыш камерасымен) - 3 дана

Өлшеуіш құрал (электрлі) - 1 дана

2020-2021 оқу жылы бойынша жалпыға бірдей міндетті білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарын тегін тамақтануымен қамтамасыз етуде мектеп бойынша 16 оқушы тамақтанды. Тамақтану мәселелерін мектепке бекітілген арендатор «ИП Кубашева» тағайындалды. 2020-2021 оқу жылында тек наурыз айында оқушылар тамақтанды.

Сол кезеңдегі жинақталған құжаттар:

- 1) Қызмет көрсету туралы келісімшарт № 1.1.03.2021г
- 2) Санитарлық – эпидемиологиялық тексеру Актісі №94 24.08.2015
- 3) Ынтымақтастық туралы меморандум 29.08.2018 ж

М.Сиранов атындағы орта мектебі 3 ғимараттан тұрады 1971,1980,1988 жылы қолдануға берілген. Ғимарат қабырғаларының материалдары силикат кірпіш. Типтік үлгідегі ғимарат 450 оқушыға арналып салынған. Екі қабатты. Жалпы алаңы - 3497,5м². Жұмысшы ауданы-2127,30 м². Оқыту тілі қазақ, жұмыс реті – екі ауысымда оқытылады. 2020-2021 оқу жылында 395 оқушы білім алды. Заңды тұлғаның қайта аталуына байланысты 2021 жылдың 13 қаңтарында ҚР Әділет министрлігі Атырау облысының Әділет департаменті Махамбет ауданаралық әділет басқармасы мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтама берді. БСН 980240002174. Заңды тұлғаның атауы «Атырау облысы Білім беру басқармасының Индер ауданы білім бөлімінің «М.Сиранов атындағы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Мектепке 2020 жылы ағымдағы жөндеу жұмыстары 250 000 мың теңгеге, 2021 жылы 350 000 теңгеге әрлеу сырлау жұмыстары жүргізілді. Сонымен қатар кітапхана мен асханаға 4.612.160 мың теңгеге «ТОО АманСтрой» модернизация жұмыстарын жүргізді.

Мектеп сынып бөлмелері, оқу кабинеттері қазіргі заманға сай құрал-жабдықтармен жабдықталған.

Мектеп ғимаратында су құбырлары жүйесі орталықтандырылған, жағдайы қанағаттанарлық. Мектеп жылы дәретханалармен жабдықталған. Ер бала, қыз балаларға арналған және қызметкерлерге арналған 10 дәретхана жұмыс жасап тұр. Жылы сумен (бойлер арқылы жылытылады) және қол кептіргіш құралдармен жабдықталған.

2017 жылы мектепке табиғи газбен жылытатын автономдық «Боран Бойлер» жылу қазандығы орнатылған. 2- дана. Құны – 1.306.654 т. (теңге). Мектепті жаңа оқу жылына дайындау мақсатында мектепті ағымды жөндеу жұмыстарына бюджеттен қаржы бөлініп тұрады.

Оқушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында 48 камералы бейне бақылау орнатылған, оның 40 бейнекамерасы ішкі және 8 бейнебақылауы сыртқы мектеп ауласын бақылап тұрады. Мектеп дәліздері, асхана, акт залы, спорт залы, мектеп ауласы барлығы камерамен бақыланып отырады. Қауіпсіздік шаралары аясында мектепте 3 күзетші, 5 вахтер қызмет атқарады.

Мектептің материалдық – техникалық базасы қанағаттанарлық. Мектептің ішкі, сыртқы санитарлық жағдайы, мектеп ауласының көгалдандырылуы талапқа сай. Мектеп ғимаратының іші-сырты, сынып бөлмелері, зертханалар, компьютер сыныбы т.б. санитарлық талапқа сәйкес жабдықталған.

Мектеп мұғалімдері, оқушылар және техникалық қызметкерлер техника және өрт қауіпсіздік ережелерімен толық таныстырылған.

Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес оқу пәндері кабинеттерімен; интернет желісіне қосылған компьютерлік сыныптармен; оқу-зертханалық жабдықтармен жаракталуы.

Барлық кабинеттер саны -22

1) Бастауыш сыныптар 4 кабинет (852,7 м²) барлық сыныптар моноблоктармен қамтылған және 2 бейнепроектор бар, шағын орталық кабинеті -1 (63,6 м²) төменгі қабатта орналасқан. Ойын бөлмесі, оқу бөлмесі, киінетін бөлмелері бар.шағын орталық балаларға арналған жеке шкафтармен жабдықталған.

2) Жаңа модификациядағы Физика кабинеті 2018 жылы алынды. 67,60 м²

3) Химия кабинеті 47,90 м²), 2016 жылы сынып кабинет жиынтығы алынды. Интерактивті тақта, 1 комплект дербес компьютері, 1 жұмыс үстелі, мұғалім үстелімен орындығы, жазу тақтасымен, шкаф және қауіпсіздік ережелері, көрнекілік таблицаларымен жабдықталған.

4) Биология кабинеті 62,50 м²), 2019. жылы сынып кабинет жиынтығы алынды. Интерактивті тақта, 1 комплект дербес компьютері, 1 жұмыс үстелі, мұғалім үстелімен орындығы, жазу тақтасымен, шкаф және қауіпсіздік ережелері, көрнекілік таблицаларымен жабдықталған.

5 Қазақ тіл мен әдебиеті кабинеті (4902 м²): 11 парта 22 орындық, мұғалім үстелімен орындығы, жазу тақтасымен, кітап сөресі және көрнекілік стендтермен, таблицалармен, үлестірмелі материалдармен жабдықталған.

6) Математика кабинеті (48,4 м2): 10 парта ,20 орындық, мұғалім үстелімен орындығы, жазу тақтасымен, кітап сөресі және көрнекілік стендтермен, таблицалармен, үлестірмелі материалдармен жабдықталған.

7) Алғашқы әскери даярлық кабинеті (46,80 м2),2021 жылы сынып кабинет жиынтығы алынды, 12 парта, 24 орындық, мұғалім үстелімен орындығы,жазу тақтасымен, түсіндірмелі-ақпараттық стендтермен,шкафтармен жабдықталған.

8) 2 Информатика кабинетінде 30 дербес компьютер комплекті (процессор, тышқан,монитор,пернетақта) 30 ноутбук, 20 оқушы партасы 40 орындық,мұғалім үстелімен орындығы,жазу тақтасымен, 2 бейнепроектор, қауіпсіздік ережесі, ақпараттық түсіндірме стендтерімен жабдықталған.

9) 2 Қолданбалы еңбекке баулу кабинеті бар. ағаш жонуға арналған 1 дана станокпен, қауіпсіздік ережесі, ақпараттық түсіндірме стендімен, 8 дана оқушы партасы, 16 орындық, жазу тақтасымен жабдықталған.Қыз балаларға арналған көркем еңбек кабинетінде ас үй жабдықтарымен , 16 - дана тігін машиналарымен жабдықталған.

10) Өзін-өзі тану кабинеті 9- дана оқушы партасы, 18- дана орындық, мұғалім үстелімен орындығы, ақпараттық стендтермен ,шкафтармен т.б. нәрселермен жабдықталған.

11) География кабинеті (48,3 м2): 10 парта ,20 орындық, мұғалім үстелімен орындығы, жазу тақтасымен, кітап сөресі және көрнекілік стендтермен, таблицалармен, үлестірмелі материалдармен жабдықталған

12) Ағылшын тілі кабинеті (48,2 м2): 9 парта,18 орындық, мұғалім үстелімен орындығы, жазу тақтасымен, кітап сөресі және көрнекілік стендтермен, таблицалармен, үлестірмелі материалдармен жабдықталған

13) Тарих пәні кабинеті (49,6 м2):13 парта,26 орындық, мұғалім үстелімен орындығы, жазу тақтасымен, кітап сөресі және көрнекілік стендтермен, таблицалармен, үлестірмелі материалдармен жабдықталған

14) Орыс тілі пәні кабинеті (47,8м2): 9 парта, 18 орындық, мұғалім үстелімен орындығы, жазу тақтасымен, кітап сөресі және көрнекілік стендтермен, таблицалармен, үлестірмелі материалдармен жабдықталған

15) Мультимедия кабинетінде 16 дербес компьютер комплекті (процессор, тышқан,монитор,пернетақта) 15 дербес компьютерге арналған үстелдері, 6 оқушы партасы ,12- орындық,мұғалім үстелімен орындығы,жазу тақтасымен, бейнепроектор,интерактивті тақта), қауіпсіздік ережесі, ақпараттық түсіндірме стендтерімен жабдықталған

16) Физика пәні кабинетінің лабораториясы (16,50 м2) екінші қабатта орналасқан. Зертхана жабдықтарына келетін болсақ: арбаша 10 дана, күш датчигі- 10 дана, жазық айна, катушка, машина, реттеуге жататын тіреуіштер, пружиналар, линза, магниттер, демонстрациялық гальвониметр, Activslate, ActivTABLE, қысқыштар, штатив табаны, чемодандар, стержень, приборлар, электромашинаны, стендлермен жабдықталған .

17) Химия пәнінің лабораториясы (14,80 м2) бірінші қабатта орналасқан. Зертхана жабдықтарына келетін болсақ: таразылар 14 дана, химия кабинетінің жиынтықтары,термометр,стакандар,колбалар,ұстағыштар,шыны таяқшалар, спиртшам, мензурка, электронды таразы, газ жүретін түтік, сүзгі қағаздар, құтылар, тұрғылармен ,хлор, кальций түтікшелері,таблицалармен жабдықталған.

18) Биология пәнінің лабораториясы (16,20 м2) екінші қабатта орналасқан. Зертхана жабдықтарына келетін болсақ: интерактивті тақта, видеопроектор, монитор, микроскоп, химиялық реактивтер жиынтығы, электрондық таразы, микропрепараттар жиынтығы , қол лупасы ,цифрлық дачиктар, зоологияның жиынтық препараты , биологияның жиынтық препараты т.б құрал-жабдықтармен жабдықталған.

19)Дене шынықтыру залы (148 м2), шешінетін орын, оқытушылар бөлмесі,спорт инвентарь қоятын бөлме бар. Жарықтандырылған, волейбол, баскетбол сеткалары,10- дана комплект шаңғы, 10 дана коньки, 10 дана волейбол добы, 10 дана футбол, 10 дана баскетбол доптары, тоғызқұмалақ - 4дана, шашка - шахмат. -5 дана, теннис үстелі 2: сетка, 6 дана ракетка,теннис шары ,секіргіш - 5 дана, гранат -10 дана, спорттық табло-1 дана, эстафеталық таяқшалар, кіші ағаш ат-1 дана, гимнастикалық орындық -2 дана,гантель -2 дана , волейбол, футбол, баскетболдың спорттық киімдерімен жабдықталған.

Кітапханада кітап қоры-33735 дана, оның ішінде жаңа буын оқулықтары-22 290 дана , көркем әдебиет саны - 9508 дана ,электрондық оқулықтар - 242 дана, оқырмандар саны- 520 ,кітапхана көлемі 68 ,20м. кв.

14. Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жаңартылған мазмұны бойынша білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар:

- 1) білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі сәйкес және сақталды;
- 2) білім алушылардың инвариантты және вариативті компонентін құрайтын оқу жүктемесінің жалпы көлемі, сондай-ақ ЖББ ҮОЖ-мен белгіленген сыныптар бойынша апталық және жылдық оқу жүктемесі сәйкес және сақталды:

2021-2022 оқу жылында мектепте 1-11 сыныптарда 395 оқушы , 22 сынып комплектісі бар. Мектепте оқу үдерісі қазақ тілінде жүргізіледі.

1-4 сыныптардың жұмыстық оқу жоспарының инвариантты компонентіндегі барлық сағаттар саны –195 . Вариативті компонентіндегі сағаттар саны -6. Оқу жоспарының инвариантты компонентіндегі барлық бөлінген сағаттар-33. Барлық жүктеменің шекті көлемі-234.

5-9 сыныптардың жұмыстық оқу жоспарының инвариантты компонентіндегі барлық сағаттар саны –314 . Вариативті компонентіндегі сағаттар саны -20. Оқу жоспарының инвариантты компонентіндегі барлық бөлінген сағаттар-46. Барлық жүктеменің шекті көлемі-380.

10-11 сыныптардың жұмыстық оқу жоспарының инвариантты компонентіндегі барлық сағаттар саны –124 . Вариативті компонентіндегі сағаттар саны -24. Оқу жоспарының инвариантты компонентіндегі барлық бөлінген сағаттар-0. Барлық жүктеменің шекті көлемі-148.

Үйден оқуда барлық жүктеменің шекті көлемі -10. Шағын орталықта-26. Мектепалды даярлық тобында -60.

1-11 сыныптарда жұмыстық оқу жоспарының инвариантты компонентіндегі барлық сағаттар саны –633 . Вариативті компонентіндегі сағаттар саны -50. Оқу жоспарының инвариантты компонентіндегі барлық бөлінген сағаттар-79. Барлық жүктеменің шекті көлемі-762.

ҚР БҒМ 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2020 жылғы 5 мамырдағы № 182 бұйрығының 14-тармағында бастауыш сыныптағы «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» пәнінің атауы «Цифрлық сауаттылық» болып өзгертілді. 2021-2022 оқу жылында қабылданған 1 сыныпта 2022 жылдың 1 қаңтарынан ҚР БҒМ 2020 жылы 27 қарашадағы № 496 бұйрығымен бекітілген Үлгілік білім бағдарламасымен жүзеге асырылады. Осы үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес «Цифрлық сауаттылық» оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің жоғары шекті көлемі: 2021-2022 оқу жылында 1-сыныпта, аптасына 0,5 сағатты, оқу жылында 17 сағатты құрайды.

"Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 5 мамырдағы № 182 бұйрығының 57-тармағына сәйкес жүргізілді:

- 1) оқыту орыс тілінде жүргізілмейтін сыныптарда – орыс тілі мен әдебиеті;
- 2) шетел тілі;
- 3) көркем еңбек;
- 4) информатика;

5) дене шынықтыру.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына (№182 05.05.2020 жылғы өзгерістерімен) сәйкес 1а,1ә ,2а,2ә ,4а, 4ә сыныптарында оқушылар саны 20 – дан асқандықтан шет тілі,орыс тілі және өзін өзі тану , цифрлық сауаттылық пәндерінде оқушылар топтарға бөлінеді.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартын (№182 05.05.2020 жылғы өзгерістерімен) басшылыққа ала отырып 5а,5ә ,9а,9ә сыныптарында оқушылар саны 20 – дан асқандықтан шет тілі,орыс тілі және информатика, көркем еңбек, дене шынықтыру пәндері топтарға бөлінді.

15. Білім алушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар:

- 1) ЖБП үлгілік оқу бағдарламалары мен МЖМБС талаптарына сәйкес тиісті білім беру деңгейінің әрбір білім беру саласы және оқу пәндері бойынша білім алушылардың дайындық деңгейі оқытудан күтілетін нәтижелерге сәйкес.
1-11 сыныптарда оқу процесі жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасымен жүзеге асырылады. Әр пән бойынша ұзақ мерзімді жоспар оқу бағдарламасының құрамына енгізілген және ұзақ мерзімді жоспарда күтілетін нәтижелер оқу мақсаттары түрінде нақты көрсетілген. Күтілетін нәтижелердің (оқу мақсаттарының) тақырыптық мазмұнға сәйкес нақтылануы білім алушыларда пәндік білім мен дағдыларды нақты оқу материалы негізінде қалыптастыруға мүмкіндік туғызады.
9,11-сыныптарда жыл соңында қорытынды аттестаттау жүргізіліп отырды
2021-2022 оқу жылында қорытынды аттестаттауды ұйымдастыру кезінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 « Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Білім және ғылым министрінің м.а. 28.04.2021 № 189 және 2022 жылғы 12 мамырдағы №193 бұйрығы басшылыққа алынды. Сондай-ақ ЖББ ҮОЖ инвариантты компонентінің **әрбір оқу пәні бойынша бір бейне материал қоса берілді**);
- 2) 2, 3, 4-сыныптар үшін үй тапсырмасына қойылатын талаптар орындау мүмкіндігі ескеріле отырып сақталды;
- 3) Білім алушылардың білімін бағалау өлшемшарттарына сәйкес білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалауды жүзеге асыру мен қалыптастырушы және жиынтық бағалау талаптары қысқа мерзімді жоспарларда, бөлімаралық жиынтық бағалау мен тоқсандық жиынтық бағалауда сақталды;

Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау формативті және жиынтық бағалау нысанында жүзеге асырылды. Бағалау нақты бөлім/ортақ тақырып бойынша білім алушылардың оқу жетістіктерін қадағалау негізінде әрбір оқу пәні бойынша оқу бағдарламасында көрсетілген оқу мақсаттары жүйесіне сәйкес жүзеге асырылды. Білім алушылардың білімнің міндетті төменгі шекті көлемі мен олардың шеберлігі мен дағдылары қамтылған оқу пәндерінің базалық деңгейін меңгеруін анықтайтын жаңартылған бағдарламамен оқитын барлық сыныптарда бөлім бойынша жиынтық бағалаулар және тоқсандық жиынтық бағалаулар жүргізілгендігін растайтын материалдар бар, жинақталған.

Бөлім, тоқсандық бойынша жиынтық бағалау алынып, тексеріліп, электронды журналға баллдары қойылған. Мұғалімдердің БЖБ, ТЖБ өткізу жоспары құрылған. Бақыланған кезеңде мектепте ағымдық бағалаудың, тоқсандық және жылдық бағалардың бар болуы «Kundelik.kz» электронды журналы арқылы зерделенді.ҚБ,ЖБ қоюкезінде пән мұғалімдері тарапынан бағалардың ауыстырылуы байқалды. Акт жасалып, түсініктеме алынды

2021-2022 оқу жылында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығына сәйкес Бастауыш мектептегі білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі 1 сыныпта-22,5, 2-сыныпта-24,3, 3-сыныпта-27,4 сыныпта -27 сағаттан аспайды. Негізгі орта білім беру деңгейіндегі білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі 5-сыныпта – 31 сағаттан, 6-сыныпта – 31 сағаттан, 7-сыныпта – 34 сағаттан, 8-сыныпта – 35, 9-сыныпта – 36 сағаттан аспауы тиіс, Жалпы орта білім беру деңгейіндегі білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі 10-11-сыныпта – 39 сағаттан аспауы тиіс. 2021-2022 оқу жылында жұмыстық оқу жоспарында осы талаптар сақталып, орындалды.

16. Оқу мерзіміне қойылатын талаптар:

2021-2022 оқу жылының басталуы, ұзақтығы, каникул кезені «Орта білім беру ұйымдарында 2020-2021 оқу жылының басталуын, ұзақтығын және каникул кезеңдерін айқындау туралы» ҚР БҒМ 2021 жылғы 27 шілдедегі № 368 бұйрығына сәйкес ұйымдастырылды:

1) 2021-2022 оқу жылының басталуы – 2021 жылғы 1 қыркүйек;
2) оқу жылының ұзақтығы: 1-сыныптарда – 33 оқу аптасы, 2-11 (12) сыныптарда – 34 оқу аптасы;

3) оқу жылы ішіндегі каникул кезеңдері:

1-11 (12) сыныптарда:

күзгі – 7 күн (2021 жылғы 1-7 қарашаны қоса алғанда),

қысқы – 11 күн (2021 жылғы 30 желтоқсаннан бастап 2022 жылғы 9 қаңтарды қоса алғанда),

көктемгі-12 күн (2022 жылғы 19-30 наурызды қоса алғанда);

1-сыныптарда: қосымша каникул – 7 күн (2022 жылғы 7-13 ақпанды қоса алғанда).

Тиісті деңгейдегі жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын игеру мерзімдеріне қойылатын талаптар сақталған;

2) Сыныптар бойынша оқу жылының ұзақтығына және оқу жылындағы каникул уақытының ұзақтығына қойылатын талаптар сақталған. **(көшірме қоса жалғанды)**

«М.Сиранов атындағы орта мектебі » коммуналдық мемлекеттік мекемесі оқу-тәрбие жұмысын зерделей келе **төмендегідей ұсыныстар береді:**

1. Жас мамандардың білім-біліктілігін жетілдіру курстарынан, жаңа үлгідегі деңгейлік курстардан жүйелі түрде өткізу, арнаулы орта білім деңгейлерін жоғары білімді мамандыққа жетілдіруін ұйымдастыру;
2. Бастауыш сыныптан бастап оқушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстарын және ғылым негіздерін тереңдете оқытуды жандандыру;
3. Сабақ жоспарын оқу мақсатына негіздеп құра отырып, оқыту үдерісіне сараланған тапсырмаларды енгізу арқылы оқушыларды ынталандыру;
4. Негізгі орта және жалпы орта мектеп бітіруші түлектерінің білім сапасын арттыру бағытындағы жұмыстарды жетілдіру.

Қорытынды

Тексеру барысында білім саласындағы нормаларына қайшы келетін құқық бұзушылықтар анықталған жоқ. Метеп қызметін және ішкі тәртібін іске асыратын құқықтық құжаттары жасақталған. Білім саласындағы бағдарламалары орындалуда және мектепке қойылатын талаптары заңнамаға сәйкес келеді.

Мектеп директоры:

Комиссия мүшелері:

Ж.Турымбетова

Ж.Науанова

Ж.Чуйншкалиева

С.Кенжеғалиев

Ж.Ибрашева

А.Қабиева

С.Ешмуханбетов